



## БІРІНШІ ЖЕЛІ

Кербалақтың екшей аяңдаған өнімді жүрісімен біраз жолды ұтып тастаған Қармыс сиыр сәскеде Қояндының қырқасына көтеріледі. Қияндағы қой фермаларының орталығы он шақты үйлі Айшырақтан бірге аттанған жол серігі біраз жерге дейін ілесіп келіп: «Осы жолмен жүре берсең сол қапталыңнан түйе өркеш шоқы кезігеді. Шоқыға шығып жер шамасын бағдарласаң, шабылған шөп көзіңе түсер. Пішеншілерді тапсаң, одан әрі адаспайсың. Шажағай жайлауы «мен мұңдалап тұр» деген.

Қырқаға шығып тізгін тежеген Қармыс қарсыдағы қой тасты бұйратқа көз жіберді. Соноу алыста әр тұстан бой көтерген жатаған таулар бір-бірінен иық асырғысы келгендей оқшауланып тұр. Осы қазірде шақырайған күн астында көк мұнар сағым теңізіне батып шөккен түйедей аласарып көрінеді.

Қармыстың аудан орталығынан шыққанына бүгін үшінші күн. Қияндағы мал жайылымы бөлімшесіндегі таулы өңірді қоныстанған қой фермаларының саны алтау. Қармыстың ат басын туралап келе жатқаны — Атасу қой фермасы деп аталады. Бұрын көрмеген, баспаған жері болған соң ба, бұған тым алыс көрінген. Қой фермасы ауданнан кемі екі жүз шақырым қашықта. Кербалаққа қояр кінәсі жоқ. Салт жүріске дағдыланбаған Қармыс осы үш күнде ат соқты боп шаршаған еді. Әрі үнемі елсізбен жол